

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қыркүйектегі N 238 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 07 қазанда N 3495 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы N 160 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 29.06.2015 N 160 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабының 3-тармағына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 ақпандағы № 80 қаулысына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О б л ы с

ә к і м і Б .

С а п а р б а е в

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) қызмет берушісі аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі уәкілетті органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі көтерме жәрдемақы және бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша іс-қимылды бастауға көрсетілетін қызмет алушының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 ақпандағы № 80 қаулысымен бекітілген "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 9-тармағына сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен маманының (бұдан әрі – қызмет алушы) өтініші және қажетті құжаттар тізбесінің болуы негіз болып табылады.

5. Қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету процесіне кіретін іс-қимылдардың

мазмұны,

орындалу

ұзақтығы:

1-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы қызмет алушыдан өтініш және қажетті құжаттарды қабылдайды, көшірмелерді түпнұсқаларымен салыстырады, мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға тіркейді. Орындалу ұзақтығы — 30 минут;

2-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы қаражаттардың қажеттілігін есептейді, қызмет берушінің басшысының қолын қойдырады және құжаттарды тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қарауына енгізеді. Орындалу ұзақтығы — 5 күнтізбелік күн;

3-ші іс-қимыл. Тұрақты жұмыс істейтін комиссия келіп түскен құжаттарды қарайды және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға ұсыныс береді. Орындалу ұзақтығы — 5 күнтізбелік күн;

4-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы тұрақты жұмыс істейтін комиссия қолдау көрсеткен жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы жобасын әзірлейді. Орындалу ұзақтығы — 7 күнтізбелік күн;

5-ші іс-қимыл. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды және оны қызмет берушіге жолдайды. Орындалу ұзақтығы — 10 күнтізбелік күн;

6-шы іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы стандартқа 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісім жобасын әзірлейді, бұдан әрі қызмет берушінің басшысы және қызмет алушы қол қояды. Орындалу ұзақтығы — 5 күнтізбелік күн;

7-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің басшысы көтерме жәрдемақыны қызмет алушының жеке есеп-шотына аударады. Орындалу ұзақтығы — 7 күнтізбелік күн.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап - 39 күнтізбелік күн ішінде көтерме жәрдемақы төленеді.

6. Осы Регламенттің 5-тармағында көрсетілген 1-ші іс-қимыл бойынша қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша іс-қимылдың нәтижесі қызмет алушының құжаттарды қабылдауы болып табылады, ол 2-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 5-тармағында көрсетілген 2-ші іс-қимыл бойынша нәтиже, тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қарауына қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы құжаттарды тапсыру болып табылады, ол 3-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 5-

тармағында көрсетілген 3-ші іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы хаттама болып табылады, ол 4-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 5-тармағында көрсетілген 4-ші іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы жобасы болып табылады, ол 5-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 5-тармағында көрсетілген 5-ші іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің бекітілген қаулысы болып табылады, ол 6-шы іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 5-тармағында көрсетілген 6-шы іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет алушы мен қызмет берушінің арасында стандартқа 1 қосымшаға сәйкес форма бойынша Келісім жасауы болып табылады, ол 7-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 5-тармағында көрсетілген 7-ші іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет алушының жеке есеп-шотына аударылған көтерме жәрдемақы болып табылады.

7. Қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін іс-қимылдардың мазмұны, орындалу ұзақтығы:

1-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы қызмет алушыдан өтініш және қажетті құжаттарды қабылдайды, көшірмелерді түпнұсқаларымен салыстырады, мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға тіркейді Орындалу ұзақтығы - 3 0 м и н у т ;

2-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы қаражаттардың қажеттілігін есептейді, қызмет берушінің басшысының қолын қойдырады және құжаттарды тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қарауына енгізеді. Орындалу ұзақтығы – 5 к ү н т і з б е л і к к ү н ;

3-ші іс-қимыл. Тұрақты жұмыс істейтін комиссия келіп түскен құжаттарды қарайды және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға ұсыныс береді. Орындалу ұзақтығы – 5 күнтізбелік күн;

4-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы тұрақты жұмыс істейтін комиссия қолдау көрсеткен жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы жобасын әзірлейді және келіседі. Орындалу ұзақтығы – 7 күнтізбелік күн;

5-ші іс-қимыл. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды және оны қызмет берушіге

жолдайды. Орындалу ұзақтығы – 10 күнтізбелік күн;

6-шы іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы стандартқа 1 қосымшаға сәйкес форма бойынша Келісім жобасын әзірлейді, бұдан әрі қызмет берушінің басшысы және қызмет алушы қол қояды және Келісім жобасын сенім білдірілген өкілге (агентке) жолдайды. Орындалу ұзақтығы – 3 күнтізбелік күн;

7-ші іс-қимыл. Сенім білдірілген өкіл (агент) Келісім жобасын сенім білдірілген өкілдің (агент) басшысына қол қоюға енгізеді. Орындалу ұзақтығы –
1 күнтізбелік күн;

8-ші іс-қимыл. Сенім білдірілген өкіл (агент) басшысы Келісім жобасына қол қояды. Орындалу ұзақтығы – 1 күнтізбелік күн;

9-шы іс-қимыл. Сенім білдірілген өкіл (агент) тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит ресімдеу рәсімін жүзеге асырады. Орындалу ұзақтығы –
26 жұмыс күні;

10-шы іс-қимыл. Сенім білдірілген өкіл (агент) басшысы қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит қаражатын аударуды жүзеге асырады. Орындалу ұзақтығы – 4 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап - 32 күнтізбелік күн ішінде Келісімге келу рәсімі жүзеге асады. Келісім жасалғаннан кейін 30 жұмыс күні ішінде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит ұсынылады;

8. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 1-ші іс-қимыл бойынша қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну түріндегі мемлекеттік қызмет көрсету бойынша іс-қимылдың нәтижесі қызмет алушының құжаттарын қабылдау болып табылады, ол 2-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 2-ші іс-қимыл бойынша нәтиже, тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қарауына қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы құжаттар енгізу болып табылады, ол 3-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 3-ші іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы хаттама болып табылады, ол 4-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 4-ші іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы жобасы болып табылады, ол 5-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 5-ші іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде

әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің бекітілген қаулы жобасы болып табылады, ол 6-шы іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 6-шы іс-қимыл бойынша нәтиже сенім білдірілген өкілдегі (агент) Келісім жобасы болып табылады, ол 7-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 7-ші іс-қимыл бойынша нәтиже сенім білдірілген өкілдің (агент) басшысындағы Келісім жобасы болып табылады, ол 8-ші іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 8-ші іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет беруші, қызмет алушы және сенім білдірілген өкіл (агент) арасындағы Келісім жасау болып табылады, ол 9-шы іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 9-шы іс-қимыл бойынша нәтиже тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит ресімдеу болып табылады, ол 10-шы іс-қимылды орындауды бастау үшін негіз болып табылады. Осы Регламенттің 7-тармағында көрсетілген 10-шы іс-қимыл бойынша нәтиже қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит қаражатын аудару болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- қызмет берушінің маманы;
- қызмет берушінің басшысы;
- тұрақты жұмыс істейтін комиссия;
- аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі;
- сенім білдірілген өкіл (агент);
- сенім білдірілген өкілдің (агент) басшысы.

10. Көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну кезінде қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті іс-қимылдардың с и п а т т а м а с ы :

- 1) қызмет берушінің маманы қызмет алушыдан өтініш және қажетті құжаттарды қабылдайды, көшірмелерді түпнұсқаларымен салыстырады, мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға тіркейді. Орындалу ұзақтығы — 3 0 м и н у т ;
- 2) қызмет берушінің маманы қаражаттардың қажеттілігін есептейді, қызмет

берушінің басшысының қолын қойдырады және құжаттарды тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қарауына енгізеді. Орындалу ұзақтығы – 5 күнтізбелік күн;

3) тұрақты жұмыс істейтін комиссия келіп түскен құжаттарды қарайды және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға ұсыныс береді. Орындалу ұзақтығы – 5 күнтізбелік күн;

4) қызмет берушінің маманы тұрақты жұмыс істейтін комиссия қолдау көрсеткен жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы жобасын әзірлейді және келіседі. Орындалу ұзақтығы – 7 күнтізбелік күн;

5) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі қызмет алушыға көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды және оны қызмет берушіге жолдайды. Орындалу ұзақтығы – 10 күнтізбелік күн;

6) қызмет берушінің маманы стандартқа 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісім жобасын әзірлейді, бұдан әрі қызмет берушінің басшысы және қызмет алушы қол қояды. Орындалу ұзақтығы – 5 күнтізбелік күн;

7) қызмет берушінің басшысы көтерме жәрдемақыны қызмет алушының жеке есеп-шотына аударады. Орындалу ұзақтығы – 7 күнтізбелік күн.

11. Тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну кезінде қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті іс-қимылдардың сипаттамасы:

1) қызмет берушінің маманы қызмет алушыдан өтініш және қажетті құжаттарды қабылдайды, көшірмелерді түпнұсқаларымен салыстырады, мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға тіркейді. Орындалу ұзақтығы – 30 минут;

2) қызмет берушінің маманы қаражаттардың қажеттілігін есептейді, қызмет берушінің басшысының қолын қойдырады және құжаттарды тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қарауына енгізеді. Орындалу ұзақтығы – 5 күнтізбелік күн;

3) тұрақты жұмыс істейтін комиссия келіп түскен құжаттарды қарайды және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға ұсыныс береді. Орындалу ұзақтығы – 5 күнтізбелік күн;

4) қызмет берушінің маманы тұрақты жұмыс істейтін комиссия қолдау көрсеткен жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы жобасын әзірлейді және келіседі. Орындалу ұзақтығы – 7 күнтізбелік күн;

5) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды және оны қызмет берушіге жолдайды.

Орындалу ұзақтығы – 10 күнтізбелік күн;

6) қызмет берушінің маманы стандартқа 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісім жобасын әзірлейді, бұдан әрі қызмет берушінің басшысы және қызмет алушы қол қояды және Келісім жобасын сенім білдірілген өкілге (агентке) жолдайды. Орындалу ұзақтығы – 3 күнтізбелік күн;

7) сенім білдірілген өкіл (агент) Келісім жобасын сенім білдірілген өкілдің (агент) басшысына қол қоюға енгізеді. Орындалу ұзақтығы – 1 күнтізбелік күн;

8) сенім білдірілген өкіл (агент) басшысы Келісім жобасына қол қояды. Орындалу ұзақтығы – 1 күнтізбелік күн;

9) сенім білдірілген өкіл (агент) тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит ресімдеу рәсімін жүзеге асырады. Орындалу ұзақтығы – 26 ж ұ м ы с к ү н і ;

10) сенім білдірілген өкіл (агент) басшысы қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит қаражатын аударуды жүзеге асырады.


Орындалу ұзақтығы – 4 жұмыс күні.


Іс-қимылдардың реттілігін сипаттау осы Регламентке 1, 2 қосымшаға сәйкес әрбір іс-қимылды өту блок-схемасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлердің) өзара әрекеті реттілігінің сипаттамасы осы Регламенттің 3, 4 қосымшаларына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процесс анықтамалығында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы электронды үкіметтің веб-порталында, қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.

"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1 қосымша

Көтерме жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау шараларын өту іс-қимылының блок - схемасы





"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2 қосымша

Тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын өту іс-қимылының блок - схемасы

Қызмет алушы

1-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы қызмет алушыдан етінші және қажетті құжаттарды қабылдайды, көшірмелерді түпнұсқаларымен салыстырады, мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі журналға тіркейді. Орындалу ұзақтығы – 30 минут.

2-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы қаражаттардың қажеттілігін есептейді, қызмет берушінің басшысының қолын қойдырады және құжаттарды тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қарауына енгізеді. Орындалу ұзақтығы – 5 күнтізбелік күн.

3-ші іс-қимыл. Тұрақты жұмыс істейтін комиссия келіп түскен құжаттарды қарайды және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға ұсыныс береді. Орындалу ұзақтығы – 5 күнтізбелік күн.



↓

4-ші іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы тұрақты жұмыс істейтін комиссия қолдау көрсеткен жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы жобасын әзірлейді және келіседі. Орындалу ұзақтығы - 7 күнтізбелік күн.

↓

5-ші іс-қимыл. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі қызмет алушыға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды және оны қызмет берушіге жолдайды. Орындалу ұзақтығы – 10 күнтізбелік күн.

↓

6-шы іс-қимыл. Қызмет берушінің маманы стандартқа 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісім жобасын әзірлейді, бұдан әрі қызмет берушінің басшысы және қызмет алушы қол қояды және Келісім жобасын сенім білдірілген өкілге (агентке) жолдайды. Орындалу ұзақтығы – 3 күнтізбелік күн.


↓

7-ші іс-қимыл. Сенім білдірілген өкіл (агент) Келісім жобасын сенім білдірілген өкілдің (агент) басшысына қол қоюға енгізеді. Орындалу ұзақтығы – 1 күнтізбелік күн.

↓



8-ші іс-қимыл. Сенім білдірілген өкіл (агент) басшысы Келісім жобасына қол қояды. Орындалу ұзақтығы – 1 күнтізбелік күн.

↓




"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3 қосымша

Көтерме жәрдемақы түрінде ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну бизнес-процесінің анықтамалығы



"Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет

Көтерме жәрдемақы түрінде ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну бизнес-процесінің анықтамалығы



Шартты белгілер:



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы



- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;



- таңдау нұсқасы



- келесі рәсімге (іс-әрекетке) өту